

Критериалды бағалау журналды толтыру бойынша нұсқаулық

Критериалды бағалау – жиынтық және формативті бағалауды білдіреді.

- **Формативті бағалау** – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, оқушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында оқушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Маңызды: формативті бағалау туралы толық ақпарат [Формативті бағалау](#) мақаласында сипатталған.

- **Жиынтық бағалау** - белгілі бір кезең аяқталғаннан кейін баллмен есептелетін (БЖБ) және оқу бағдарламасының бөлімдерді бойынша (ТЖБ) бағаланатын бағалау түрі.

Жиынтық бағалау журналын ашу үшін бір рет оқу жылдың басында сынып параметрлерінде **«Журнал түрін»** таңдау қажет. Жүйеде әр сыныпқа арналған журналды таңдау үшін журналдың екі түрі беріледі – **«Журналдың классикалық түрі»** және **«Жиынтық бағалау журналы»**. Сынып қандай бағалау жүйесімен оқитын екеніне байланысты, сол журналын таңдау қажет.

Критериалды журнал келесі түрде көрсетіледі:

Қазақ тілі 2020 /2021 оқу жылы

Мұғалім: Керім Ибатұлданова

Сынып: Демо 4 Пән: Қазақ тілі Бағалау: Тоқсан Жартықып

Кезең: 1 тоқсан 2 тоқсан (1ж/к) 3 тоқсан 4 тоқсан (2ж/к) Жыл: Қорытындылар Тек жиынтық бағалар

Журналды толтыру туралы ескерту
Күнтізбелік жоспарлау
Апта бойынша журнал

	Бөлім бойынша жиынтық бағалау										1 тоқсан жиынтық бағалау			1 тоқсан бойынша бағалау есептеуі				Қойылған баға	
	21		22		23		26		28		Мәкс. Балл: 10	Мәкс. Балл: 12	Мәкс. Балл: 15	% (БЖБ + ФБ)	ТЖБ %	% жиынтығы	Ұсын. баға		
	ФБ	Жауап	ФБ	Жауап	ФБ	Жауап	ФБ	Жауап	ФБ	Жауап									
1	Адрасов Амир										10	8	11	12	42,0	40,0	82	4	БЖБ
2	Азамат Ибрахим	7		8		9	А	А			9	10	13	32,9	43,3	76	4	УАВА	
3	Ахметов Азамат										5	7	7	27,3	23,3	51	3	БЖБ	
4	Ахметова Аяз										7	8	6	34,1	20,0	54	3	Б	
5	Бакасов Диас										5	7	11	34,9	36,7	72	4	Б	
6	Кильман Станислав			8							10	12	12	39,0	40,0	79	4	Б	
7	Мұстафина Алина		А	А							8	8	10	37,2	33,3	71	4	БЖБ	
8	Петров Константин	8									9	7	8	32,4	26,7	59	3	АВБ	
9	Толеев Арсен			10				2	А	А	7			37,7	40,0	78	4	УАВА	
10	Шаламе Томи										10	10	10	48,1	33,3	81	4	БЖБ	

Ескерту: оқушылардың тегі және есімі журналда, жүйеде орнатылған тіліне қарамастан, қазақ тілінің ережесімен әліпби бойынша тұрады.

Жиынтық бағалау журналына:

- Максимальды балл - оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі;
- Бөлім бойынша әрбір жиынтық жұмысқа балл қойылады (БЖБ) – жиналған балл сомасы және оқу жетістіктеріне тиісті деңгейі.
- Тоқсан бойынша жиынтық жұмысқа балл қойылады (ТЖБ) – сипаттамаға сәйкес жиналған балл сомасы.
- Сабаққа қатысу туралы белгі.
- **Формативті бағалау** - оқушының үлгерімін сипаттайтын мұғалімнің ағымдағы белгісі.
- Қорытынды баға - формулаларды есептеу негізінде тоқсан / жартыжылдық / жыл қорытындысы бойынша **қолмен** қойылады.

Жиынтық бағалау

Функционалдылық жұмыс істеу үшін журналда келесі ережелер сақталуы тиіс:

- сынып баптауларында журнал түрі - жиынтық бағалау журналы;
- сынып ағымдағы оқу жылында (2020-2021) оқиды;
- пән баптауларында қорытынды аттестаттаудың түрі - **жиынтық бағалау**.



Жиынтық бағалауды жүргізу үшін алдымен пән бойынша бағалаудың қалай жүргізілетінін анықтау қажет. Ақпаратты өзекті НҚА - дан алуға болады.

Критериалды журналға өзгерістерді келесі қызметкерлер енгізе алады:

- кестеде белгіленген мұғалім;
- мектеп әкімшісі;
- «ҮТ және бағалар» блогына толық қолжетімділігі бар редактор.



Егер оқу бағдарламасында бөлімдер аз болса (мысалы, 2 дана) – онда артық қалған 2 жиынтық жұмысына максималды балды көрсетпеуі жеткілікті болады.

Сабаққа қатысу

Пернетақтадан **тек** келесі таңбаларды енгізу үшін қолдану керек:

- **ж** – «кішкентай», дәлелсіз себептермен болмауын белгілеу үшін;
- **д** – «кішкентай», дәлелді себеппен болмауын белгілеу үшін;
- **а** – «кішкентай», ауру себебі бойынша болмауын белгілеу үшін;
- **к** – «кішкентай», сабаққа кешігуін белгілеу үшін;



Журналдардың қағаз түрлеріне арналған стандарттарға сәйкес, журналдың басып шығарылған нұсқасында «к» белгісі есепке алынбайды, «а» және «д» белгілері «ж» белгісіне ауысады.

Егер пән бойынша журналда жиынтық бағалау тоқсан сайын жүргізілсе

- журналдың жоғарғы жағында «Бағалау» батырмасы **Тоқсандар** жағына ауысады.

Мұғалімнің бастапқы беті > Журналдар > Демос 4

Алгебра 2020 /2021 оқу жылы

Мұғалім: Гүлмира Алибекқызы Абдрахманова

Сынып: Демос 4 Пән: Алгебра Бағалау: Тоқсан Жартыжыл

Кезең: **1 тоқсан** 2 тоқсан (1ж/ж) 3 тоқсан 4 тоқсан (2ж/ж) Жыл: Қорытындылар Тек жиынтық бағалар

- БЖБ бағандарының қажетті саны және бір ТЖБ бағанын қосу қажет болады. Бағандарды қосу туралы толық ақпарат [Динамикалық БЖБ және ТЖБ](#) мақаласында сипаттаған.

Егер пән бойынша журналда жиынтық бағалау жартыжыл сайын жүргізілсе

- журналдың жоғарғы жағында «Бағалау» батырмасы **Жартыжыл** жағына ауысады.

Мұғалімнің бастапқы беті > Журналдар > Демо 4

Қазақ тілі 2020 /2021 оқу жылы

Мұғалім: Керім Ибатұлданова

Сынып: Демо 4

Пән: Қазақ тілі

Бағалау: Тоқсан

Жартыжыл

Кезең:

1 тоқсан

2 тоқсан (1ж/ж)

3 тоқсан

4 тоқсан (2ж/ж)

Жыл:

Қорытындылар

Тек жиынтық бағалар

- егер пән бойынша жартыжылдың бірінші жартысында (бірінші тоқсанда) БЖБ өткізілсе, онда пән бойынша журналға бір БЖБ бағаны қосылады, **ТЖБ бағаны қосылмайды**. Бағандарды қосу туралы толық ақпарат [Динамикалық БЖБ және ТЖБ](#) мақаласында сипаттаған.



Журнал түрін тоқсаннан, жартыжылдыққа ауыстыру батырмасын баптау тек мектеп әкімшісіне және «ҮТ және бағалар» блогына толық қолжетімділігі бар редакторға қолжетімді.

Журнал түрін тоқсаннан жартыжылдыққа ауыстыру мүмкіндігі, журналда келесі жағдай болғанда ғана мүмкін болады:

- Бірде-бір ТЖБ бағаны қосылмаған;
- Саны бірден көп БЖБ қосылмаған.

Егер журналда бірнеше БЖБ бағаны және / немесе ТЖБ бағаны қосылса, журнал келесі қатені көрсетеді:

Журналдың бағалау түрін өзгерту мүмкін емес, өйткені ТЖБ немесе 2-ден артық БЖБ құрылған.

Назар аударыңыз! Егер бастапқыда пәннің баптауларында қате мән орнатылса, мысалы, «Сынақ (жарты жыл)», бірақ жиынтық бағалау жүргізілуі тиіс болса, онда пәннің баптауларын **мәжбүрлеп өзгерту** - бұрын қойылған **бағалардың жоғалуына әкеледі**.

Бұрын бағалар қойылған пән бойынша бағалау түрін өзгертуге тырысқанда, жүйе келесі ескертуді көрсетеді:

Бағалау түрін өзгерту ✕

Сіз бұрын оқушыларға белгілер қойылған журналдағы бағалау түрін өзгерткелі жатырсыз.

Бағалау түрін өзгерткен кезде, бұрын қойылған барлық белгілер біржола жойылады.
Бағалау түрін өзгерту үшін "Жалғастыру" батырмасын басыңыз.

Қауіпсіздік мақсатында және әрекетті растау үшін өз құпиясөзіңізді енгізіңіз.

Құпиясөз:

Жалғастыру
Бас тарту

Егер әкімші журналдың параметрлерін өзгерту үшін құпиясөзді енгізсе, осы өзгерістер туралы ақпарат дерекқорға жазылады.

Егер пән бойынша жиынтық бағалау жүргізілмесе

Мақаладағы нұсқаулыққа сәйкес іс-әрекеттерді орындау қажет: [Жиынтық бағалаусыз жүргізілетін пәндер туралы \(ЕСП, ЕСЖ, БОС\)](#)

Қорытынды бағалар

Қорытынды бағалар кез келген есептік кезең (тоқсан, жартыжыл, жылдық) бойынша журналға **қолмен** қойылады.

Қорытынды бағаларды қою үшін:

- журналдың оң жағына өту;
- «Тек жиынтық бағалар» батырмасына басу арқылы.

Кезең: 1 тоқсан 2 тоқсан (1ж/ж) 3 тоқсан 4 тоқсан (2ж/ж) Жыл: Қорытындылар Тек жиынтық бағалар

		Бөлім бойынша жиынтық бағалау			1 тоқсан жиынтық бағалау	1 тоқсан бойынша бағаның есептелуі				Қойылған баға <small>Мұғалім қолмен толтырады</small>
		БЖБ ✕	БЖБ ✕	ТЖБ ✕	% (БЖБ + ФБ) Ⓣ	ТЖБ %	% жиынтығы	Ұсын. баға Ⓣ		
		Макс. балл: 10	Макс. балл: 12	Макс. балл: 15						
1	Абдрашев Амир	8	11	12	42,0	40,0	82	4	ЕСП	
2	Азамат Ибрахим	9	10	13	32,9	43,3	76	4	УА/А	
3	Ахметов Азамат	5	7	7	27,3	23,3	51	3	ЕСЖ	
4	Ахметова Ажар	7	8	6	34,1	20,0	54	3	Б	
5	Бакасов Диас	5	7	11	34,9	36,7	72	4	А	
6	Килькин Станислав	10	12	12	39,0	40,0	79	4	Б	
7	Мұстафина Алина	8	8	10	37,2	33,3	71	4	БОС	
8	Петров Константин	9	7	8	32,4	26,7	59	3	А/Е	
9	Толеев Арсен	8	10	12	37,7	40,0	78	4	УА/А	
10	Шаламе Томи	10	10	10	48,1	33,3	81	4	О/Ж	

«Ұсын.баға» блогында ҚР БҒМ бекіткен формула негізінде есептелген бағаны көрсетеді.

«Қойылған баға» блогы бастапқы кезде бос болады және оқыту барысында мұғалім қолмен толтырады.

Қорытынды бағалар бөлімінде бағалаудың келесі түрлерін қоюға болады:

Бағаның атауы	Журналға қойылатын баға
Есептелінді	ЕСП (RU :ЗЧ)
Есептелінген жоқ	ЕСЖ (RU :НЗ)
Бес баллдық жүйе	5, 4, 3, 2
Аттестациялаудан өтпеді	А/Ө (RU :Н/А)
Босатылды	БОС (RU :ОСВ)
Оқыған жоқ	О/Ж (RU :Н/И)
Уақытша аттестацияланбайды	УА/А (RU :ВН/А)

Ескертулер:

- Пайыздық көрсеткішін шығару үшін, баллды қойғаннан кейін браузер бетін «Ctrl+F5» комбинациясын басу арқылы жаңарту қажет.
- Егер қойылған балды өзгерту/өшіру қажет болса, онда тінтуір меңзерін қолданып, қажетті ұяшықтағы балды өзгертіп/өшіріп, пернетақтада «Enter» батырмасын басу қажет. Егер қателік есебімен басқа бөлім толтырылып қойса, онда бірінші оқушыларға қойылған балдарды, сосын максималды баллды жою қажет.

Есептік кезең бойынша қорытынды бағаны есептеу формуласы

Жиынтық бағалау бағалары математикалық дөңгелектеу ережесі бойынша есептелінеді және үтірден кейінгі барлық сандар есепке алынады:

- 43,11 = 43
- 43,31 = 43
- 43,52 = 44
- 43,81 = 44.

Ескерту: журналда үтірден кейін тек 1 сан ғана көрінеді.

2020-2021 оқу жылының басынан бастап [№125 бұйрыққа \(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінен\)](#) енгізілген өзгерістер шеңберінде тоқсандық бағаны есептеу формуласы:

Егер пән бойынша журналда жиынтық бағалау тоқсан сайын жүргізілсе

$$\text{Тоқсандық баға} = \left(\frac{\text{ЖБ факт. сомасы} + \text{ФБ сомасы}}{\text{ЖБ макс. сомасы} + (\text{ФБ саны} \times 10)} \right) \times 50\% + \left(\frac{\text{ТЖБ факт. балл}}{\text{ТЖБ макс. балл}} \right) \times 50\%;$$

Мұнда:

- ЖБ факт. сомасы - оқушыға қойылған жиынтық бағалаудың нақты балы немесе олардың сомасы;
- ФБ сомасы - Формативті бағалаудың сомасы. Есептік кезеңнің ішінде оқушыға қойылған формативті балдардың қосындысы;

- ЖБ макс. сомасы - мұғалім орнатқан жиынтық бағалаудың максималды балы немесе олардың сомасы. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі;
- ФБ саны - Формативті бағалаудың саны. Есептік кезеңнің ішінде оқушыға қойылған формативті балдардың жалпы саны;
- ТЖБ факт. балл - Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың нақты балы;
- ТЖБ макс. балл - Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың максималды балы;

Формативті бағалаудың ең жоғары балы (ФБ) - 10-ға тең.

Егер пән бойынша журналда жиынтық бағалау жартыжыл сайын жүргізілсе

$$\text{Жартыжылдық баға} = \left(\frac{\text{ЖБ факт. сомасы} + \text{ФБ сомасы}}{\text{ЖБ макс. сомасы} + (\text{ФБ саны} \times 10)} \right) \times 100\%;$$

Мұнда:

- ЖБ факт. сомасы - оқушыға қойылған жиынтық бағалаудың нақты сомасы;
- ФБ сомасы - Формативті бағалаудың сомасы. Есептік кезеңнің ішінде оқушыға қойылған формативті балдардың қосындысы;
- ЖБ макс. сомасы - мұғалім орнатқан жиынтық бағалаудың максималды балы. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі;
- ФБ саны - Формативті бағалаудың саны. Есептік кезеңнің ішінде оқушыға қойылған формативті балдардың жалпы саны;

Формативті бағалаудың ең жоғары балы (ФБ) - 10-ға тең.

Жиынтық бағалау балл сандары жинақталып, оқу кезеңінің соңында қорытынды бағаға және оқу жылының соңында жылдық бағаға ауыстырылады. Ол үшін келесідей шкала қолданылады:

Жиынтық бағалау (1 сынып)		
Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны	Бағалау көрсеткіші	Баға
0-20%	Қанағаттанарлықсыз	«2»
21-50%	Қанағаттанарлық	«3»
51-80%	Жақсы	«4»
81-100%	Өте жақсы	«5»

Маңызды: 2020-2021 оқу жылында бірінші сыныптарда бағалау жүргізілмейді. Мұғаліммен кері байланыс түсініктемелер, орындалған жұмыс қорытындысы бойынша ұсынымдар арқылы жүзеге асырылады.

Жиынтық бағалау(2-11 сынып)

Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны	Бағалау көрсеткіші	Баға
0-39%	Қанағаттанарлықсыз	«2»
40-64%	Қанағаттанарлық	«3»
65-84%	Жақсы	«4»
85-100%	Өте жақсы	«5»

Формативті бағалау

Формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, оқушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында оқушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Формативті бағалау үлгерімді ағымдағы бақылауды жүргізу қағидалары шеңберінде ҚР БҒМ әзірлеп, [№125 Бұйрықтың өзекті нұсқасына](#) енгізілді.


Функционалдылық жұмыс істеу үшін журналда келесі ережелер сақталуы тиіс:

- сынып баптауларында журнал түрі - жиынтық бағалау журналы;
- сынып ағымдағы оқу жылында (2020-2021) оқиды;
- пән баптауларында қорытынды аттестаттаудың түрі - жиынтық бағалау.

Пән бойынша журналға формативті бағалауды енгізу үшін:

- Сабақ парақшасына өту (пән бойынша журнал бетінде тұрған күннің үстіне басу);
- «Жұмысты қосу» батырмасына басу;
- «Формативті баға» - жұмыс түрін таңдау;
- «Жасау» батырмасына басу.

Сабақтағы жұмысты жасау



Оқушыларға формативті белгілер қою үшін сипатталған әрекеттер есептік кезеңдегі барлық сабақ күндері үшін жүзеге асырылады.

Кезең: **1 тоқсан** 2 тоқсан (1ж/ж) 3 тоқсан 4 тоқсан (2ж/ж) Жыл: Қорытындылар Тек жиынтық бағалар

		1 тоқсан						Бөлім бойынша жиынтық бағалау					1 тоқсан жиынтық бағалау
		қазан						1-БЖБ	2-БЖБ	3-БЖБ	4-БЖБ	1-ТЖБ	
		13	20		27		Макс. балл:						Макс. балл:
Жауап	ФБ	Жауап	ФБ	Жауап	ФБ	Макс. балл:	Макс. балл:	Макс. балл:	Макс. балл:	Макс. балл:			
1	Абдуалиева Зарина	A	A	1	5	9							
2	Ахметжан Назым			9	2	7							
3	Елеусизова Жаннель			4	9	3							
4	Оспанов Аслан			8	5	10							
5	Тлеуберген Сабих			7	7	6							
6	Толеген Дархан			10	8	4							

Ескерту: формативті бағалауды пәннің журналында да, сабақ парақшасында да қоюға болады.

Журнал

Сабақ өткізілді.

№	Оқушылар тізімі	Қатысуы	Формативті баға	Сабаққа түсініктемелер
Сынып (ЗВ)				
1	Абдуалиева Зарина		5	Түсініктеме қосу
2	Ахметжан Назым Ерланқызы		2	Түсініктеме қосу
3	Елеусизова Жаннель Арманқызы		9	Түсініктеме қосу
4	Оспанов Аслан Муратулы		5	Түсініктеме қосу
5	Тлеуберген Сабих Нуржанулы		7	Түсініктеме қосу
6	Толеген Дархан Даниярович		8	Түсініктеме қосу

Журналдың бір ұяшығына **қатысу туралы белгілер және формативті бағалаудың** белгісін қоюға болады.

Қатысу туралы белгілер кіші әріптермен енгізіледі, мысалы «ж» - жоқ. Формативті белгі баға түрінде енгізіледі, минималды мән - **1**, максималды мәні - **10**.

Мұғалімнің бастапқы беті > Журналдар > ЗВ

Казахский язык 2020 /2021 оқу жылы

Мұғалім: **Даяна Бисенова**

Сынып: ЗВ Пән: Казахский язык

Кезең: **1 тоқсан** 2 тоқсан (1ж/ж) 3 тоқсан 4 тоқсан (2ж/ж) Жыл: Қоры

		20				21	
		Жауап		ФБ		Жауап	ФБ
		Жауап	ФБ	Жауап	ФБ		
1	Абдуалиева Зарина			5			10
2	Ахметжан Назым			8			5
3	Елеусизова Жаннель			8			8
4	Оспанов Аслан			5			2
5	Тлеуберген Сабих			1			7
6	Толеген Дархан			8			6



Журналдардың қағаз түрлеріне арналған стандарттарға сәйкес, журналдың басып шығарылған нұсқасында «к» белгісі есепке алынбайды, «а» және «д» белгілері «ж» белгісіне ауысады.

Формативті бағалау қалай есептеледі?

Мұғалім келесі дифференциацияға сәйкес оқушылардың оқу жетістіктерінің прогресін балл түрінде журналға тіркейді:

- **1 балл** – оқу тапсырмаларын 0% ден, 10% дейін орындады, қателіктер жіберілді, сабақта пассивті, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша қорытынды жасамайды, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытпайды, өткен материалды білмейді;
- **2 балл** – оқу тапсырмаларын 20% - ға дейін орындады, қателіктер жіберілді, сабақта пассивті, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша әрдайым тиісті қорытынды жасай бермейді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытпайды;
- **3 балл** – оқу тапсырмаларының 30% - на дейін орындады, қателіктер жіберілді, қателіктерін түзетуге тырысады, сабақта кейде белсенділік танытады, оқу тапсырмаларын орындау кезінде мұғалімнің/ата-ананың/құрдастарының қолдауына мұқтаж;
- **4 балл** - оқу тапсырмаларының 40% - на дейін орындады, қателіктер жіберді, қателерді түзету кезінде көмекке мұқтаж, әрдайым белсенді бола бермейді, кейде тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;
- **5 балл** - 50%-ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, 5-ке дейін қателіктер жіберді, мұғалімнің көмегіне мұқтаж, сабақта әрдайым белсенді бола бермейді, кейде мүмкін болатын тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;
- **6 балл** - оқу тапсырмаларының 60%-на дейін орындады, 4-ке дейін қате жіберді, мұғалімнің көмегіне мұқтаж, сабақта ынталы, орташа күрделі тапсырмаларды өз бетінше орындай алады;
- **7 балл** - оқу тапсырмаларының 70% - ға дейін орындады, 3-ке дейін қате жіберді, қателіктерді уақтылы жойды, сабақта белсенді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;
- **8 балл** - оқу тапсырмаларының 80% - на дейін орындады, 1-2 елеусіз қателіктер жіберді, мұғалімнің пікірлері негізінде өз қателіктерін түзетеді, белсенді, тәуелсіз;
- **9 балл** - оқу тапсырмаларының 90% - на дейін орындады, тапсырмаларды орындау кезінде шамалы дәлсіздіктерге жол берді, қатемен жұмыс істейді, белсенді, дербес;
- **10 балл** - оқу тапсырмаларының 100% орындады, қателіктер жібермеді, белсенді, тәуелсіз, түсіндіре алады, жауаптарын негіздейді.

Формативті белгілер оқушының есептік кезеңдегі жалпы үлгеріміне әсер етеді: тоқсан немесе жартыжыл шеңберінде.

Оқушының қорытынды бағасын есептеу формуласы мақалада қолжетімді: [Критериалды бағалау журналды толтыру бойынша нұсқаулық.](#)

Формативті бағалауды жүргізу кезіндегі белгілердің [түс гаммасы](#), [Әдістемелік-нұсқау хаттағы \(2020-2021\)](#) ақпаратқа сәйкес бағаланады.

Осыдан:

Жоғары деңгей	«8», «9», «10»
Орта деңгей	«4», «5», «6», «7»
Төмен деңгей	«1», «2», «3»

Формативті бағалау туралы жиі қойылатын сұрақтар

01. Бір сабақтың аясында формативті белгілерді (бұдан әрі - ФБ) барлық оқушыларға қою қажет пе?

Жоқ, ФБ тек мұғалім сабақ барысында сұрақ қоятын оқушыларға қойылады. Яғни, мұғалім сұраған балаларға ғана қойылады.

02. Егер оқушы оқу тапсырмасын орындамаса, оған ФБ қою керек пе?

Егер мұғалімнің сауалнамасы кезінде оқушы оқу тапсырмасын орындамаса, мұғалім ата-анаға кері байланыс ретінде ФБ қою керек.

Егер оқушы жұмыс нәтижелерін ұсынбаса / сабақта жауап бере алмаса, мұғалім жоғарыда сипатталған баллға сәйкес ФБ баллын қояды.

03. ФБ қою кезінде Сабақ парақшасындағы түсініктеме қою міндетті ме?

ФБ өткізу кезеңінде кеңейтілген түсініктеме міндетті емес. Түсініктеме мұғалімнің қалауы бойынша, мұғалім кері байланыс ретінде қойылған белгінің түсіндірмесін немесе себебін енгізуді талап еткен кезде қойылады.

04. Сабақтағы жұмысты Қашықтық сабақ (ҚС) түріне ауыстыру керек пе?

Сабақтағы жұмыс түрін өзгерту мұғалімнің қалауы бойынша жүзеге асырылады. Жұмыстың бұл түрі оқушының журналында / күнделігінде сабақ өткізу форматы және өткізілетін сабақтың мақсаты туралы ақпаратты көрсетуді көздейді.

Мысалы:

- ҚС (қашықтық сабақ) - онлайн оқыту кезінде қойылады.
- З/Ж (зертханалық жұмыс) - сабақтың үстінде зертханалық жұмыстар жүргізілген уақытта қойылады.
- КБЖ (кешенді бақылау жұмысы) - сабақтың үстінде бақылау жұмысы жүргізілген уақытта қойылады.

Ескерту: критериалды журналдағы сабақтағы жұмыстың өзгеруі мұғалімнің есептеріне, соның ішінде «Журналды уақтылы жүргізу» есебіне әсер етпейді.

05. БЖБ / ТЖБ өткізу кезеңінде ФБ-мен не істеу керек?

Бөлім (БЖБ) үшін жиынтық бағалау жүргізу кезеңінде - ФБ сабақтағы жұмыс журналға қосылады және мұғалім осы күні оқу тапсырмаларының нәтижелерін қояды. Бұл БЖБ сабақтың 15-20 минутында, ал қалған сабақ стандартты форматта өтетіндігіне байланысты.

Тоқсандық жиынтық бағалауды (ТЖБ) өткізу кезеңінде - мұғалімнің қалауы бойынша ҚБ/Ж (қорытынды бақылау жұмысы) сабақтағы жұмыс журналға қосылады және журналға тек сабаққа қатысу туралы белгілер (егер сабақты өткізіп алған оқушылар болса) қойылады.

Бұл күні сабақтағы жұмыс қосылмайды және формативті бағалау жүргізілмейді. Бұл ТЖБ-ны бүкіл сабақтың үстінде ал ФБ-ны жүргізу мүмкіндігінсіз өткізетіндігіне байланысты.

Ескерту: «Журналды уақтылы жүргізу» есебінде ТЖБ жүргізілген күні «сызықша» көрсетіледі, бұл осы күні формативті белгілердің жоқтығын білдіреді және журналды дұрыс жүргізбеу немесе қызметкер тарапынан қате болып табылмайды.

Жиынтық бағалаусыз жүргізілетін пәндер туралы

Кейбір пәндер бойынша (мысалы: «Музыка», «Дене шынықтыру», «Өзін-өзі тану») жиынтық бағалау жүргізілмейді.

Жиынтық бағалау жүргізілмейтін пәндер үшін жүйеде бағалаудың мынадай түрлерін қою мүмкіндігі көзделген:

- «Есептелінді» (ЕСП);
- «Есептелінген жоқ» (ЕСЖ);
- «Босатылды» (БОС).

Осындай мүмкіндікті іске қосу үшін келесі іс-әрекеттерді жүзеге асыру қажет:

- «Мектепке әкімшілік етуге» парақшасына кіру;
- «Анықтамалықтар» блогында «Пәндер» пунктін таңдау;
- жиынтық бағалаусыз жүргізілетін пәнді таңдау;
- «Критериалды бағалау» блогында «Қорытынды аттестаттау» пунктінде «Сынақ (тоқсан)» немесе «Сынақ (жарты жыл)» деген параметрлерінен біреуін таңдау қажет.

Толық мәліметтер | Сыныптар | Кабинеттер | Мұғалім

Қысқаша атауы: География
Мысалы, Дене шынықтыру.

Толық атауы: География
Мысалы, Дене шынықтыру.

Пәндердің Бірыңғай анықтамалығынан алынған пәннің атауы: География

ҰБДҚ пәннің атауы: География

Білім саласы: Жаратылыстану

Есептердегі көріну деңгейі:
 Қуәландырумен
 Қуәландырусыз (үлгерімі және сабаққа қатысуы бойынша есептерде көрсетілмейді)

Критериалды бағалау

Қорытынды аттестациялау:
 Жиынтық бағалау
 Сынақ (тоқсан)
 Сынақ (жарты жыл)

Сақтау немесе тізімге оралу

Ескертулер: осы параметрлер критериалды (жиынтық) бағалау жүйесін пайдаланып жатқан мектептер пәндерінде қолжетімді (мекемеде «Жиынтық бағалау» деген баға түрлері таңдалған).

Маңызды! Қорытынды аттестациялау түрін тек **пәнді жаңадан жасаған** уақытта ғана таңдауға болады, өзгерістер сақталғаннан кейін қорытынды аттестациялау түрін өңдеуге **болмайды**. Осы мәселе бойынша толық ақпарат [мақалада](#) сипатталған.

«**Сынақ**» параметрін тандағанда журналда жиынтық балл бағандардың орнында «Есептелінді» (ЕСП), «Есептелінген жоқ» (ЕСЖ) немесе «Босатылды» (БОС) деген белгілерді қою үшін қорытынды баған пайда болады.

Кезең: 1 тоқсан | 2 тоқсан (1ж/ж) | 3 тоқсан | 4 тоқсан (2ж/ж) | Жыл: Қорытындылар

		1 тоқсан						1 тоқсан
		қазан						
		13		20		27		
		Жауап	ФБ	Жауап	ФБ	Жауап	ФБ	
1	Абдуалиева Зарина	A	A	1	9		9	ЕСП
2	Ахметжан Назым			9	2		7	ЕСЖ
3	Елеусизова Жаннель			4	9		9	ЕСП
4	Оспанов Аслан			9	9		10	ЕСП
5	Тлеуберген Сабих			7	7		6	ЕСП
6	Топеген Дархан			10	8		4	ЕСП

Сыныпқа «Тоқсандар» деген есептік кезеңдер тағайындалған болса, «**Сынақ (жарты жыл)**» параметрін тандағанда, сол сынып журналында қорытынды бағандар 1 және 3 тоқсандар үшін жасырылады.

Информатика 2019 /2020 оқу жылы

Мұғалім: Кенже Қойшықызы Өскембаева

Сынып: Демо 4 Пән: Информатика

Кезең: 1 тоқсан 2 тоқсан 3 тоқсан 4 тоқсан Жыл: Қорытындылар

		1-жарты жылдық	2-жарты жылдық	Жыл
1	Абдрашев Амир	ЕСП	ЕСП	ЕСП
2	Азамат Ибрахим	ЕСП	ЕСП	ЕСП
3	Килькин Станислав	ЕСЖ	ЕСП	ЕСП
4	Қойшыбай Алина	ЕСП	ЕСЖ	ЕСП
5	Петров Константин	ЕСЖ	ЕСЖ	ЕСЖ
6	Толеев Арсен	ЕСП	ЕСП	ЕСП

Ескерту: қандай да бір пән үшін бағалау түрі туралы ақпаратты өзекті НҚА-дан немесе Басқарушы ұйымының қызметкерлерінен білу қажет.

Динамикалық БЖБ және ТЖБ

Kundelik.kz жүйесінде динамикалық БЖБ және ТЖБ функционалдылығы іске асырылды.

Функционалдылық критериялды бағалау журналында тексеру жұмыстарының бағандарын қосуды / алып тастауды қамтиды.

Функционалдылық жұмыс істеу үшін журналда келесі ережелер сақталуы тиіс:

- сынып баптауларында журнал түрі - жиынтық бағалау журналы;
- сынып ағымдағы оқу жылында (2020-2021) оқиды;
- пән баптауларында қорытынды аттестаттаудың түрі - жиынтық бағалау.

Критериялды журналға өзгерістер енгізе алады:

- кестеде тағайындалған мұғалімдер;
- мектеп әкімшілері;
- «ҮТ және бағалар» блогына толық қолжетімділігі бар редакторлар.

Әрбір тексеру жұмысы үшін бөлек баған көрсетіледі.

Бағандарды қосу

БЖБ және ТЖБ бағандарын қосу үшін пән бойынша журналда «БЖБ/ТЖБ қосу» түймесін қолдану керек.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау			1 тоқсан бойынша бағаның есебі				Мұғалім қолмен толтырады
БЖБ ×	БЖБ ×	ТЖБ ×	% (БЖБ + ФБ) ?	ТЖБ %	% жиынтығы	Ұсын. баға ?	
Макс. балл: 10	Макс. балл: 12	Макс. балл: 15					
8	11	12	42,0	40,0	82	4	ЕСП
9	10	13	32,9	43,3	76	4	УА/А
5	7	7	27,3	23,3	51	3	ЕСЖ
7	8	6	34,1	20,0	54	3	5
5	7	11	34,9	36,7	72	4	4
10	12	12	39,0	40,0	79	4	3
8	8	10	37,2	33,3	71	4	БӨС
9	7	8	32,4	26,7	59	3	А/Ө
8	10	12	37,7	40,0	78	4	УА/А
10	10	10	48,1	33,3	81	4	О/Ж

Журналға қосуға болатын бөлім бойынша жиынтық жұмыстардың (БЖБ) ең көп саны - **3**. Әйтпесе, журнал келесі қатені көрсетеді:

Тоқсан бойынша журналға 3-тен көп жиынтық жұмысты (БЖБ) қосуға болмайды.

Журналға қосуға болатын тоқсан бойынша жиынтық жұмыстардың (ТЖБ) ең көп саны - **1**. Әйтпесе, журнал келесі қатені көрсетеді:

Тоқсан бойынша журналға, оқу кезеңінде 1-ден көп жиынтық жұмысты (ТЖБ) қосуға болмайды.

Егер пән бойынша 1 БЖБ ғана жүргізілсе, онда пән бойынша журналда БЖБ-ның бір ғана бағаны қосылады, егер пән бойынша БЖБ-ның көп саны жүргізілсе, онда журналда бағандардың тиісті саны көзделуі тиіс.


Бұл ереже тоқсан ішінде бағаланатын барлық пәндер үшін жарамды.



Тексеру жұмыстарын жүргізбестен бос бағандарды қосуға болмайды.

Ескерту: кездейсоқ жағдайда БЖБ бағаны жойылса, жоғарыда жазылған әдіспен бағанды қосуға болады.

Бағандарды жою

БЖБ / ТЖБ бағандарын жою үшін пән бойынша журналда  батырмасын қолдану қажет.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау			1 тоқсан бойынша бағаның есептелуі				Қойылған баға
БЖБ ×	БЖБ ×	ТЖБ ×	% (БЖБ + ФБ) ?	ТЖБ %	% жиынтығы	Ұсын. баға ?	
Макс. балл: 10	Макс. балл: 12	Макс. балл: 15					Мұғалім қолмен толтырады
8	11	12	42,0	40,0	82	4	ЕСП
9	10	13	32,9	43,3	76	4	УА/А
5	7	7	27,3	23,3	51	3	ЕСЖ
7	8	6	34,1	20,0	54	3	5
5	7	11	34,9	36,7	72	4	4
10	12	12	39,0	40,0	79	4	3
8	8	10	37,2	33,3	71	4	БОО
9	7	8	32,4	26,7	59	3	А/Ө
8	10	12	37,7	40,0	78	4	УА/А
10	10	10	48,1	33,3	81	4	О/Ж

Егер балл кем дегенде бір оқушыға қойылса, бағандарды жою мүмкін болмайды. Біріншіден, барлық оқушылардың баллдарын қолмен жойып шығып, содан кейін ғана БЖБ / ТЖБ бағандарды жою мүмкіндігі пайда болады. Әйтпесе, журнал келесі қатені көрсетеді:

Оқушыларға балл қойылған жұмысты жою мүмкін емес.

Егер пән бойынша журналда 1 БЖБ және 1 ТЖБ бағандары бар болса, онда ТЖБ бағанын жою мүмкін емес. Ең алдымен, БЖБ бағанын алып тастау қажет. Әйтпесе, журнал келесі қатені көрсетеді:

Бөлім бойынша жиынтық жұмыс (БЖБ) болған жағдайда оқу кезеңіндегі жиынтық жұмысты (ТЖБ) жою мүмкін емес.

Жалпы ақпарат

Егер пән жартыжылдық шеңберінде бағаланса және қорытынды аттестаттау келесі түрде өткізілсе:

- **Есептелінді / Есептелінген жоқ (ЕСП/ЕСЖ)** - пәннің баптауларында Сынақ (жарты жыл) қорытынды аттестаттау түрін көрсету қажет;
- **бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ)** - 1 тоқсан бойынша журналдың бетінде ТЖБ бағанын алып тастау керек.

Егер пән тоқсан шеңберінде бағаланса және қорытынды аттестаттау **Есептелінді / Есептелінген жоқ (ЕСП/ЕСЖ)** түрінде өткізілсе, онда пәннің баптауларында Сынақ (тоқсан) қорытынды аттестаттау түрін көрсету қажет.

Пәннің баптаулары және пән бойынша қорытынды аттестаттаудың түрі туралы толық ақпарат келесі мақалада егжей-тегжейлі сипатталған: [Пәнді қалай құруға және қосуға болады? Пәнді қалай өңдеуге немесе жоюға болады?](#)

